

**Тимирязев аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 42/7 "2020-2022 жылдарға арналған Тимирязев ауданы Докучаев ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 45/2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 сәуірде № 6226 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 2-7-тармағына сәйкес Тимирязев аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Тимирязев ауданы Докучаев ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Тимирязев аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 42/7 шешіміне (2020 жылғы 20 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5890 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Тимирязев ауданы Докучаев ауылдық округінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 11 496 мың теңге:

салықтық түсімдер – 2 397 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 9 099 мың теңге;

2) шығындар – 11 496 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 8 487,6 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 8 487,6 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -8 487,6 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 8 487,6 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 8 487,6 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Ауылдық бюджетте Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін ішкі қарыздар есебінен 8 487,6 мың теңге сомасында – Докучаев ауылындағы су құбырының су тарату желісін ағымдағы жөндеуге есепке алынсын.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

А.Приходько

С.Мустафин

Тимирязев аудандық мәслихатының

2020 жылғы 14 сәуірі

№ 45/2 шешіміне

қосымша

Тимирязев аудандық мәслихатының

2020 жылғы 8 қаңтардағы

№ 42/7 шешіміне

1-қосымша

## 2020 жылға арналған Докучаев ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			1) Кірістер	11 496
1			Салықтық түсімдер	2 397
	01		Табыс салығы	714
		2	Жеке табыс салығы	714
	04		Меншікке салынатын салықтар	162
		1	Мүлікке салынатын салықтар	76
		3	Жер салығы	86
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 521
4			Трансферттердің түсімдері	9 099
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	9 099
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	9 099
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			2) Шығындар	11 496

1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	9 213
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9 213
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	9 213
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	190
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	190
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	120
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	70
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1 943
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 943
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	1 943
12			Көлік және коммуникация	150
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	150
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	150
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	8 487,6
			Бюджеттік кредиттер	8 487,6
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	8 487,6
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	8 487,6
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	8 487,6
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	8 487,6
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	8 487,6
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
7			Қарыздар түсімі	8 487,6
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	8 487,6
		2	Қарыз шарттары	8 487,6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК